

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы білім
бөлімінің №35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында жоспардан тыс
тексеру нәтижелері туралы
АНЫҚТАМА**

Анықтаманың жасалған күні және уақыты:	14.06.2024 жыл, сағат: 16:00
Анықтаманың жасалған орны:	130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің 12 ш.а. 58-ші ғимарат №35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Мемлекеттік бақылау органының атауы:	«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ (бұдан әрі – Департамент)
Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуге негіз болған актінің номері және күні:	10.06.2024ж., №29.
Бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізген лауазымды тұлғаның аты-жөні, тегі, лауазымы:	Білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы – Чуйшбаева Сәулеш Есеновна.
Бақылау субъектісінің атауы, бару арқылы профилактикалық бақылау кезінде қатысқан заңды тұлғаның өкілінің лауазымы:	Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің 12ш.а. 58-ші ғимарат №35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, директор – Бокибаева Куралай Орынбасаровна.
Бару арқылы профилактикалық бақылаудың жүргізілген күндері, орны және кезеңі:	Күні: 2024 жылдың 10-14 маусым күндері. 130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің 12 ш.а. 58-ші ғимарат №35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Бақылау нысаны: бақылау субъектісіне бару арқылы жоспардан тыс тексеру.

Бақылау субъектісінің деректері:

Бақылауды тағайындау негізі: Маңғыстау облысы Ақтау қаласының прокуратурасының 22.05.2024 жылғы № 2447101000100013/00137 тексеру жүргізу туралы талап хаты.

Занды тұлға: Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің 12 ш.а. 58-ші ғимарат №35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, (бұдан әрі – Бөбекжай).

Мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы: Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау

облысы бойынша филиалының жер кадастры бөлімі 18.01.2021ж. берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеуден өткен күні: 16.04.2010 ж.

Жарғысы: Маңғыстау облысы әкімдігінің 2021 жылы 5 қаңтардағы №3 қаулысымен бекітілген.

Бизнес сәйкестендіру номері: 100440021592

Занды мекен жайы: 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің 12 ш.а. 58-ші ғимарат.

Орналасқан жері: 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің 12 ш.а. 58-ші ғимарат.

Байланыс телефоны: 8(7292) 336475.

Электрондық поштасы: baldyrgan35@mail.ru

Банктік реквизиттері: БСН 100440021592, БСК HSBKKZKX

ЖСН KZ416017231000000114, «Қазақстан Халық Банкі»АҚ.

Занды өкілі: Бокибаева Куралай орынбасаровна, туған жылы: 29.04.1969 ж., ЖСН:690429402205, жеке басын куәландыратын құжаты: № 056100781, МВД РК 02.04.2024 ж. Маңғыстау облысы, Ақтау қ. 3 ш.а. 29-үй, 69 п.

Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің 19.05.2022 жылғы № 77-жқ бұйрығымен Бокибаева Куралай Орынбасаровна Маңғыстау аудандық білім бөлімінің №35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына директор болып тағайындалған *(жеке куәлігі мен бұйрықтың көшірмелері тіркелді–2 парақ).*

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 8-13 тармағы, Қазақстан Республикасының 29.10.2015 жылғы № 375-V ҚРЗ «Кәсіпкерлік Кодексі» 144-бабының 5-тармағы 4-тармақшасына сәйкес, 05.06.2024 ж. күні №17-19/01-22/672 хатпен Мектепке жоспарланған бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылау туралы хабарланды *(хабарлама-хаттың көшірмесі тіркелді-1 парақ).*

Бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау акті Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша басқармасында 10.06.2024 жылы №2447000001202012/00027 нөмірімен тіркелді *(Актінің көшірмесі тіркелді - 4 парақ).*

Қазақстан Республикасының 29.10.2015 жылғы № 375-V ҚРЗ «Кәсіпкерлік Кодексі» 143-бабының 3-тармағына сәйкес, бару арқылы профилактикалық бақылау «Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы» *(бұдан әрі - Тексеру парақтары)* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығымен *(бұдан әрі – Бірлескен бұйрық)* бекітілген талаптар шегінде жүргізілді *(Бірлескен бұйрықпен бекітілген №2 қосымшада көрсетілген тексеру парақтары бойынша).*

Білім беру қызметін талдаудың нәтижелері туралы мәліметтер:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парақтарына сәйкес профилактикалық бақылаудың нәтижелері (№2 қосымша).

Тексеру парағының 1, 2, 15, 20, 21, 25, 27, 30, 31 тармақтары профилактикалық бақылау жүргізу кезінде қаралмайды

Тексеру парағының 3 тармағы:

Басшы кадрлардың, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруын растайтын сертификаттарының болуы.

Талдау нәтижесі: Тарификациялық тізім бойынша 2022-2023 оқу жылында 34 педагог жұмыс жасады. 28 біліктілік арттыру курстан өткен педагогтер.

2023-2024 оқу жылында 32 педагог жұмыс жасады. 20 біліктілік арттыру курстан өткен педагогтер.

Қорытынды: «Педагог мәртебесі туралы» ҚРЗ 7-бап, 12-тармақ, талаптарына сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 4 тармағы:

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес педагог қызметкерлердің біліктілік санатының деңгейін арттыру (растау) беру/өткенін растау туралы куәліктердің, бұйрықтардың тіркеу журналдарының және куәліктердің болуы.

Талдау нәтижесі: Бөбекжай педагогтері – педагог басшы-ұйымдастырушы Бокибаева К.О. (2022 ж.), педагог-зерттеуші Нуримова Б.Ж. (2020 ж.), педагог-сарапшы Елеуова С.М. (2023 ж.), Райымберді Б.Н. жоғары санатты (2019 ж.), Сарсенова Б.М. жоғары санатты (2020 ж.), Кошанова А.У. II- санатты (2018 ж.), Каржауова Г.М. II- санатты (2019 ж.),

педагог-модераторлар: Клычева С.Ж. (2020 ж.), Айладырова Қ.А. (2020 ж.), Тайманова А. (2021 ж.), Бокибаева К.О. (2023 ж.), Онгарова Н.Ж. (2023 ж.), Сембаева К.О. (2023 ж.), Оразшаева У.О. (2023 ж.), Сражанова Р.С. (2023 ж.), Абылова З.С. (2023 ж.), Айтанова И.А. (2023 ж.), Қожақұл Г.А. (2023 ж.), Бейсенова З.Б. (2023 ж.), Чунетова Ж.М. (2023 ж.) біліктілік санаттарын уақытында арттырған, біліктілік санаттарын беру/растау туралы және куәліктерді тіркеу, беру журналы жүргізілген.

Сонымен қатар, 2024 жылы біліктілік санаттарын арттыруға өтініш берген педагогтер:

педагог –сарапшыға: Райымберді Б.Н. /бейнелеу өнері маманы/ еңбек өтілі-22 жыл;

педагог-модераторға : Сарсенова Б.М. /тәрбиеші/ жоғары санатты – еңбек өтілі - 12 жыл, Кошанова А.У. /тәрбиеші/ II санатты– еңбек өтілі - 9 жыл, Каржауова Г.М. /тәрбиеші/ II санатты– еңбек өтілі – 10 жыл, Кошиева С.Т. /тәрбиеші/ санатсыз – еңбек өтілі - 8 жыл, Жетекова Ж.Ш. /тәрбиеші/ санатсыз – еңбек өтілі - 12 жыл, Кунградбаева М.Е. /тәрбиеші/ санатсыз – еңбек өтілі - 4 жыл, Утениязова А.А. /тәрбиеші/ – еңбек өтілі - 5 жыл, Курпаева Г.Д. /тәрбиеші/ санатсыз – еңбек өтілі - 5 жыл.

Қорытынды: «Педагог мәртебесі туралы» ҚРЗ 15-бап, 1-тармақ, 3-тармақшасы талаптарына сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 5 тармағы:

Ұлттық білім беру дерекқорының статистикалық деректерінің білім беру ұйымының нақты деректеріне сәйкестігі

Талдау нәтижесі: «Ұлттық білім беру деректері қорында» ортаңғы және ересек топтары туралы дұрыс және толық мәлімет енгізілген, бөбекжай деректерімен сәйкес келеді.

Қорытынды: МДҰ қызметінің үлгілік қағидасының (1-қосымша) 1-тарау 7-тармағының 3,4-тармақшаларына сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 6 тармағы:

Білім беру салалары және сағат сандары бар оқу жоспарларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. Сондай-ақ, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның болуы.

Талдау нәтижесі: 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарында кіші, ортаңғы және ересек және МАД топтарының оқу жұмыс жоспарлары бекітілген. Оқу жұмыс жоспарларында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары қамтылған. «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» дағдысы бойынша мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті күн сайын жоспарланған, Үлгілік оқу жоспарға сәйкес жүргізілген. "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 2-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарындағы сағат санына сәйкес келеді.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер саны- 5. Тәрбиешілер мен мамандардың жұмыс жоспарлары жасақталған.

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 7 тармағы:

Білім беру ұйымы бекіткен педагог-мамандардың, тәрбиешілердің перспективалық жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа, үлгілік оқу жоспарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына, тәрбие-білім беру процесінде іс-шараларды (қабылдау, таңертеңгі гимнастика, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру рәсімдері, балалардың үйге қайтуы) қамтитын мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне, циклограммасына сәйкестігі және ұйымдастырылған қызмет түрлерінің (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,

эксперименттік, еңбек, пәндік, қозғалыс, бейнелеу) іске асырылуы.

Талдау нәтижесі: ҚР БЖҒМ 12.08.2016 жылғы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары, жалпыға міндетті стандарт және үлгілік оқу жоспары негізінде перспективалық жоспардың міндеттері әрбір айға бөлініп жасалған. Циклограмманың құрылымы мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібінде тәрбие-білім беру процесінің іс-шаралары (қабылдау, таңертеңгі гимнастика, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру рәсімдері, балалардың үйге қайтуы) қамтылған. Циклограммалардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер тақырыптары перспективалық жоспардағы міндеттер бойынша жасақталған.

Оқу жүктемесі, ұйымдастырылған іс-әрекеттері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу жоспарына және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МДТМО МЖМББ Стандартының 3-тарауының 22, 23-тармақтары мен №557 ҮОЖ 2-қосымшасы басшылыққа алынған.

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 8 тармағы:

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін отбасын әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша өткізілген кеңестерді растайтын материалдардың болуы.

Талдау нәтижесі:

Мектепте мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін отбасын әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша, балалар тәрбиесіне қатысты әдістемелік кеңестер, семинар – практикумдар ұйымдастырылып, «Баланы үй жағдайында қауіпсіздікті сақтайық», «Үйде рационалдық тамақтануды ұйымдастыру» тақырыптарында кеңестер беріліп, баяндамалар оқылған. Әр түрлі тақырыптарда тренингтер өткізілген, ата-аналардан сауалнамалар алынған. Жұмыс жоспары құрылған, жоспар бойынша өткізілген іс-шаралардың материалдары жинақталған.

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 9 тармағы:

Баланың жас ерекшелігіне сәйкес балалардың ептіліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейін қадағалайтын материалдардың болуы (баланың оқу жылына арналған жеке даму картасы).

Талдау нәтижесі: Баланың жас ерекшелігіне сай тәрбиеленушілердің ептіліктері мен дағдыларының дамуын қадағалайтын материалдар электронды және қағаз түрінде жүргізіліп, бақылау парағы жинақталған. Әр тәрбиеленушіге жеке даму картасы дайындалған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген МДҰ қызметінің үлгілік қағидасының (1-қосымша) 1-тарау 2-тармағының 5-тармақшасына сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 10 тармағы:

Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілейтін құжаттарының, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы

хабарламаның, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы қызметтің басталғаны туралы хабарлама

Анықталғаны қабылдау туралы талонның, оның ішінде жеке тұлғаның заңды мекенжайы, заңды тұлғаның орналасқан жері, қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыру мекенжайы өзгерген жағдайларда, хабарламада көрсетілген, сондай-ақ олар туралы ақпарат хабарламада толтыру үшін міндетті болып табылатын тіркеу деректері.

Талдау нәтижесі: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалының Маңғыстау аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі 18.01.2021ж. берілген. Бөбекжай Жарғысы Маңғыстау облысы әкімінің 05.01.2021 жылы №3 қаулысымен бекітілген, 13 тараудан тұрады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру бағдарламаларын іске асыру бөбекжай жарғысының 3-тарау, 14-тармақ, 1 тармақшасында көрсетілген. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша білім береді, соған сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы Қазақстан Республикасының 16.05.2014 жылғы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» №202-V ҚР заңына сәйкес хабарлама жасау тәртібін жүзеге асырған. Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2015 жылдың 25 сәуірінде №KZ85RVK00002061 берілген. 05.05.2015 жылы №KZ85RVK00002061 қайта берілген.

Қорытынды: «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚРЗ 3-қосымшасының 12 тармағына сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 11 тармағы:

Бір жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекеттік қаржыландыратын қызмет көрсету көлемінде, оның ішінде балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру мен медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, күту және сауықтыру үшін растайтын материалдарының (ғимараттың қуаты жобасын растайтын құжаттардың болуы, мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы әкімдіктің қаулысы, тәрбиеленушілердің тізімдік құрамы) болуы.

Талдау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылында кіші топта (50 тәрбиеленуші) және МАД тобында (75 тәрбиеленуші) топтары жұмыс жасаған, тізімдері бекітілген, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері сақталған. Балаларды медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, күту және сауықтыру үшін алғашқы берілген 03.04.2013 ж, соңғы 01.07.2015 жылы №00638DE медициналық қызмет көрсету лицензиясы, ғимараттың жобалық қуатын растайтын 29.02.2024 жылы № R.05.X.KZ66VWF00142821 Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды бар.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МДТМО МЖМББ

Стандартының 4-тарауының 25-тармағына сәйкес келмейді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 12 тармағы:

Білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарларының және олардың қызметін растайтын алқалы органдар (педагогикалық, әдістемелік кеңестер мен педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес) отырыстарының хаттамаларының болуы

Талдау нәтижесі: Бөбекжайдың 2023-2024 оқу жылында 4 педагогикалық кеңес, 4 әдістемелік бірлестік отырысы жоспарланған. Бағалау кезеңіне 4 педагогикалық кеңес, 4 әдістемелік бірлестік отырысы өткізілген, бірақ педагогикалық кеңес шешімдері дұрыс қабылданған, кеңес материалдары толық. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығының 1-тарау, 3 тармағы, 12 тармақшасы және 3-тарау, 14 тармағының *(Педагогикалық кеңестің хаттама кітапшасының әрбір беті нөмірленген, жіппен тігілген, білім беру ұйымының мөрімен және білім беру ұйымы басшысының қолымен бекітілген болуы керек)* талаптары сақталған, педагогикалық әдеп кеңесінің, хаттамалары жүргізілген.

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 13 тармағы:

Тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе тиісті бейіні бойынша білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагог кадрлармен қамтамасыз етілгенін растайтын қосымшалары бар дипломдар көшірмелерінің және білім беру ұйымы бекіткен педагог қызметкерлердің тарификациялық тізімдерінің болуы.

Талдау нәтижесі: Бөбекжай педагогтерінің тиісті бейін бойынша педагогикалық білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагог кадрлармен қамтамасыз етілгенін растайтын педагог қызметкерлердің тарификациялық тізімдері, дипломдары мен диплом қосымшалары бар.

2022 – 2023 оқу жылы бойынша педагог саны-34, жоғары білімді - 24, оның ішінде мектепке дейінгі 18, арнаулы орта 10, оның ішінде мектепке дейінгі -10 педагог. 2023 – 2024 оқу жылы бойынша педагог саны 32, жоғары білімді 22, оның ішінде мектепке дейінгі 18, арнаулы орта 10, оның ішінде мектепке дейінгі 10 педагог.

Білім беру ұйымы бекіткен педагог қызметкерлердің тарификациялық тізімдері 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына ұсынылды.

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 14 тармағы:

Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне: 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған; 2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ; 3) психиатриялық және

(немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар; 4) тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе кәсіптік білімі туралы немесе тиісті бейіні бойынша білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен құжаттары жоқ; 5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол бермеу.

Талдау нәтижесі: Мектепте соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған; іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ; психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ; адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол берілмеген.

Қорытынды: «Педагог мәртебесі туралы» ҚРЗ 11-бабына сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 16 тармағы:

"Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған функцияларды орындау: 1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі; 2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі; 3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), тәрбиеленушілердің сабақ режимі); 4) тәрбиеленушілерді оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі; 5) ақылы қызметті көрсетудің тізбесі мен тәртібі; 6) білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі."

Талдау нәтижесі: Бөбекжайда 2022-2023 оқу жылында 2 кіші топта (50 тәрбиеленуші), 3 ортаңғы топта (75 тәрбиеленуші) және 4 ересек топта (75 тәрбиеленуші), МАД топта (75 тәрбиеленуші) топтары жұмыс жасаған. 2023-2024 оқу жылында 2 кіші топта (50 тәрбиеленуші), 3 ортаңғы топта (75 тәрбиеленуші) және 4 ересек топта (75 тәрбиеленуші), МАД топта (75 тәрбиеленуші) топтары жұмыс жасаған.

Бөбекжай Жарғысының 3-тарау, 14-тармақ, 1 тармақшасында көрсетілгендей 1)"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын іске асырады;

2) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бір жастан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балаларды қабылдауды жүзеге асырады;

3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру және тәрбие процесін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу), тәрбиеленушілердің сабақ режимі) қазақ тілінде жүзеге асырылады;

4) "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес тәрбиеленушілерді бөбекжайдан шығарады;

5) Бөбекжайда ақылы қызмет көрсетілмейді;

6) Бөбекжай мен ата-аналар және заңды өкілдер арасындағы өзара арақатынас баланы бөбекжайға қабылданған кезде жасалатын шартпен реттелген.

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 17 тармағы:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары педагогтерінің саны мен лауазымдарының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штатына және педагог лауазымдарының тізбесіне сәйкес келуі (мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін).

Талдау нәтижесі: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда педагогтерінің саны мен лауазымдары қызметкерлердің үлгілік штатына және педагог лауазымдарының тізбесіне сәйкес келеді.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының 1-қосымша 2-тарау 21-тармағының талаптарына сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 18 тармағы:

Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынасты және олардың талаптарын сақтауды реттейтін шарттардың болуы.

Талдау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылдарында -262, 2023-2024 оқу жылдарында бөбекжайда 271 тәрбиеленуші мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытумен қамтылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының (1-қосымша) 2-тарауының 31-тармағына сәйкес бөбекжай ата-аналары немесе

занды өкілдері арасында өзара қарым-қатынасты реттейтін шарт жасақталған. Шарттар «Индиго» электрондық жүйесінде орналастырылған. Келісім-шарттарды тіркеу журналы бар.

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

Тексеру парағының 19 тармағы:

Білім беру ұйымымен бекітілген ішкі тәртіп қағидасының, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарының болуы.

Талдау нәтижесі: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беретін педагогтердің лауазымдық нұсқаулықтары ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы 1-бөлім 2-тарау 4-параграф (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының тәрбиешісі лауазымының біліктілік сипаттамасы) негізінде жасалған. (нұсқаулық көшірмелері 11.-парақ)

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.

Тексеру парағының 22 тармағы:

Білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін бейнебақылау жүйесінің болуы

Талдау нәтижесі: Бөбекжайда жалпы 80 цифрландырылған бейнебақылау камералары бар, оның ішінде 58 ішкі, 22 сыртқы. Бейнебақылау камералары орталықтандырылған жедел басқаруға «TechPoshStroiService» ЖШС –мен қосылған, акт жасақталған. (келісім-шарт көшірмелері 5-парақ)

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.

Тексеру парағының 23 тармағы:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын сақтау.

Талдау нәтижесі: Бөбекжайда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру үлгілік қағидаларға сәйкес жүргізілді. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша бөбекжай педагогтері жүгіне алады.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» № 190 бұйрығының талаптарына сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.

Тексеру парағының 24 тармағы:

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын қамтамасыз ету.

Талдау нәтижесі: Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылған. (материалдық тізім көшірмелері 7-парақ)

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.

Тексеру парағының 26 тармағы:

Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында педагогтердің штаттық кестесін және тарификациясын орналастыру.

Талдау нәтижесі: Бөбекжайдың бағалау кезеңіне педагогтердің штаттық кестесін және тарификациясы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке

дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының 1 қосымшасы, 2 тарау, 21 тармағына сәйкес ресми сайтқа орналастырылған.

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.
Тексеру парағының 28 тармағы:

Жас топтарын жинақтау кезінде жас кезеңділігін сақтау.

Талдау нәтижесі: Бөбекжайда барлығы 265 тәрбиеленуші тәрбиеленуде. Тәрбиеленушілер ортаңғы және ересек жас топтарына жинақталған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №385 бұйрығының 1 қосымшасы, 1 тарау, 6 тармағына сәйкес топтардағы тәрбиеленушілердің топ бөлінісінде жас кезеңдері сақталмаған, №1,2 кіші топта-50 тәрбиеленуші тәрбиеленуші болған.

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келмейді, бұзушылық анықталды.
Тексеру парағының 29 тармағы:

Тәрбиеленушілерді ағымдағы медициналық бақылаумен, иммундаумен және профилактикалық тексерулерді ұйымдастырумен қамтамасыз ету.

Бөбекжайда тәрбиеленушілер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының 1 қосымшасы, 2 тарау, 20 тармақ, 4 тармақшасына сәйкес медициналық бақылаумен, иммундаумен және профилактикалық тексерулерді ұйымдастырумен қамтамасыз етілген. Тәрбиеленушілердің 97 %-ы екпе алған.

Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.

Бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындысы бойынша мемлекеттік бақылау шарасын жүргізген лауазымды тұлға Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің №35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны білім беру қызметінде келесі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзушылықтар бар екендігін айқындады.

№	Бұзушылық сипаты	Талабы бұзылған НҚА бабы (тармағы)	Бұзушылық анықталған тексеру парағының атауы және тармағы
1	Тәрбиеленушілердің топ бөлінісінде топ сыйымдылығы сақталмаған.	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385	2-қосымша, 28 тармағы

бұйрығы

Бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізген тұлғалардың қолдары:

Маңғыстау облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз ету
департаментінің білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы
С. Чуйшбаева С.Чуйшбаева

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің
№35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны К.Бокибаева
директоры

Бақыланылатын субъект өкілінің профилактикалық бақылау қорытындысы
бойынша анықтамамен танысқандығы туралы мәлімет

Анықтаманың екінші данасын

К.Бокибаева
(қолы)

06 » 2024 жыл

